

7. Сафрончук М. В. Ценообразование на монопольном рынке // Экономика и управление: проблемы, решения. 2016. № 4. С. 61–68.
8. Сафрончук М. В. Цифровая поступь революции (четвертая промышленная революция и цифровая трансформация) // Экономика и управление: проблемы, решения. 2017. № 11. Т. 5. С. 52–56.
9. Стрелец И. А. Влияние новых технологий на экономическое поведение потребителей и фирм // США и Канада: экономика, политика, культура. 2008. № 8. С. 63–72.
10. Стрелец И. А. Информационная экономика как общемировой социальный феномен // Международные процессы. 2011. Т. 9. № 1. С. 25–37.
11. Шwab К. Четвертая промышленная революция. М.: Изд-во «Э», 2017. 209 с.
12. Brynjolfsson E., McAfee E., Spence M. New World Order. Labor, Capital, and Ideas in the Power Law Economy. URL: <http://www.for-eignaffairs.com/articles/141531/erik-brynjolfsson-andrew-mcafee-and-michael-spence/new-world-order>.
13. Shwab K. The Fourth Industrial Revolution: What It Means and How to Respond URL: <https://www.foreignaffairs.com/articles/2015-12-12/fourth-industrial-revolution>.
14. World Economic Report. System Initiatives. Digital Transformation of Industries. February, 2016. URL: <https://www.weforum.org/reports/digital-transformation-of-industries>.

Пандемияның туризм саласына әсері және ішкі туризмді дамыту мүмкіндіктері

Г.М. Оспанов¹, Н.С. Батырбек²

¹Маркетинг кафедрасының экономика ғылымдарының докторы (PhD), аға оқытушы,

²"Туризм" мамандығы бойынша 2 курс магистранты
g88888g@mail.ru, nargiza.batyrbek@mail.ru

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: мақалада пандемияға байланысты туризм мәселелері қарастырылады. Пандемияның ішкі туризмнің дамуына әсері туралы сөз қозғалады. Туризм саласындағы залалдың статистикалық мәліметтері келтірілген. Экономикалық тұрғыдан әлем елдеріндегі барлық дерлік салалар вирустан зардап шекті. Бірақ ең көп соққы ойын-сауық, туризм және қонақжайлылық индустриясына түсті. Өзін-өзі оқшаулау режиміне байланысты сыртқы және ішкі туризм бүкіл әлемде кем дегенде жарты жылға тоқтады. Алайда, сала жаңа жағдайда жұмысын жалғастыру үшін дағдарыстан шығу жолдарын іздейді және оларды табуда.

Кілт сөздер: туристік сала, ішкі туризм, халықаралық туризм, пандемия, туризмдегі дағдарыс, COVID-19.

Туризм әлеуметтік-экономикалық қызметтің маңызды саласы болып табылады және көптеген елдердің мемлекеттік бюджет кірістеріне айтарлықтай үлес қосады.

Дүниежүзілік саяхат және туризм кеңесінің (WTTC) мәліметтері бойынша, 2019 жылы туризмнің әлемдік экономикаға қосқан үлесі 8,9 трлн долл. немесе әлемдік ЖІӨ-нің 10,3%-ы. Кеңестің бағалауы бойынша, саяхат және туризм индустриясы бүкіл әлем бойынша 330 миллион жұмыс орнын құрайды (әлемдегі 10 жұмыс орнының 1-і) [1].

Дәл осы экономиканың саласы 2020 жылғы вирус індетіне ең осал болып шықты. Туризм саласындағы елеулі шығындар халықтың қозғалысына шектеулер енгізумен және саяхатты тоқтатумен байланысты. 100 мыңнан астам адам баруды жоспарлаған ірі конференциялар, көрмелер, фестивальдар және басқа да іс-шаралар тоқтатылды. 2020 жылғы Олимпиада ойындары, футболдан Еуропа чемпионаты кейінге қалдырылды – бұл өз кезегінде миллиондаған туристерді меңзейді.

Дүниежүзілік туристік ұйымның деректері бойынша 2020 жылдың бірінші тоқсанында халықаралық туристік келушілердің саны 2019 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 22% - ға төмендеді. 2020 жылдың наурызында әлем бойынша өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 67 млн адамға (-57%) аз саяхаттаған.

Туристік ағым ең көп азайған аймақ болып Азия саналды (-35% немесе 31,9 млн адам), екінші орында Еуропа (-19% немесе 22,9 млн адам), одан кейін Америка (-15% немесе 8,1 млн адам), Африка елдері келудің 13% - ын жоғалтса (1,9 млн адам), ал Таяу Шығыс елдері келудің 11% жоғалтты (1,8 млн адам).

Дүниежүзілік туристік ұйымның (ДСҰ) сарапшылары 2020 жылдың қорытындылары бойынша бүкіл әлем бойынша халықаралық саяхаттар санының 60-80%-ға төмендеуін болжайды, осы

сектордағы жұмыстан босатулар саны таңғаларлық жылдамдықпен өсуде – күніне бір миллион жұмыс орны және 75 млн жұмыс орны «тікелей тәуекелде» тұр, ал туристік сектордың жалпы шығындары жыл соңына қарай шамамен 2,1 трлн АҚШ долларын құрайды [2].

Халықаралық туризм Қазақстанның ЖІӨ құрылымында маңызды рөл атқарады. Мәселен, 2019 жылы туризмнің елдің ЖІӨ-не қосқан үлесі 5,6% - ды құрады, сонымен қатар 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 8%-ға дейін арттыру жоспарлануда. Келетін халықаралық туристер саны жылдар ішінде 2015 жылғы 692,2 мыңнан 2019 жылы 979,8 мыңға дейін өсті [3].

2020 жылы жыл сайынғы US News & World Report басылымының деректері бойынша, саяхат пен шытырман оқиғаларға арналған әлемнің үздік елдері рейтингінде Қазақстан 73 елдің ішінен 70-орынды иеленді.

Қазақстан тек Катар, Оман және Сауд Арабиясын басып озды. Туристер мен саяхат әуесқойлары арасында елдің танымалдылық рейтингі бес санатқа негізделген: көңіл көтеру мен ойын-сауық, жылы шырай таныту мен климаттың қолайлылығы, көркемдігі.

Қазақстанның үздік нәтижелері – жылы шырай таныту (100-ден 10,7 балл) және көркемдігі (100-ден 10,4 балл) бойынша, ал ең төмен нәтижесі-климаттың қолайлылығы бойынша (100-ден 1,4 балл).

Коронавирустық пандемия және карантин кезеңінде сыртқы және ішкі шекаралардың жабылуы туристер санының азаюына әкелді. Қонақ үйлер, мотельдер, кемпингтер, туристік базалар, қонақ үйлер, демалыс үйлері, пансионаттар және т.б. орналастыру орындары көрсеткен қызметтер көлемі 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында тек 28 млрд теңгені құрады – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,8 есе аз (НҚИ – 53,4%).

Дегенмен, жалпы 2019 жылы сектордағы көрсетілетін қызметтер көлемі өткен жылмен салыстырғанда 15,9%-ға (НҚИ – 112,6%) ұлғайып, 120,5 млрд теңгеге жетті.

Орналастыру орындары көрсеткен қызметтердің ең көп көлемі Алматы (8,3 млрд теңге) және Нұр-Сұлтан (5,8 млрд теңге) қалаларына тиесілі. Екі қаланың жиынтық үлесі ҚР-ның жартысынан астамын құрайды. Одан кейінгі орындарда Ақмола және Атырау облыстары (1,9 млрд теңгеден).

2020 жылдың қаңтар-маусым айларында орналастыру орындары 1,4 млн келушіге қызмет көрсетті – бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,8 есе аз. Қызмет көрсетілген келушілер саны бойынша Алматы (353,2 мың адам) және Нұр-Сұлтан (191,7 мың адам), сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы (134,8 мың адам) көш бастап тұр.

Орналастыру орындарының санаттары бойынша келушілер санының ең көп қысқаруы бір жұлдызды ең бюджеттік қонақ үйлерге келеді: бірден 10,8 есе, 1,6 мың адамға дейін. Үш жұлдызды қонақ үйлерге келушілер саны 3,6 есе, 83,6 мың адамға дейін және бес жұлдызды қонақ үйлерге келушілер саны 2 есе дерлік, 159,1 мың адамға дейін қысқарды. Санаты жоқ қонақ үйлерде 806,7 мың адам орналастырылды – 39%-ға кем.

Пандемия және шекаралардың жабылуы мен жаппай локдаундар жылында туроператор мен турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сегментінде жиналған сыйлықақылар көлемі 2020 жылғы қаңтар–тамызда 437,1 млн теңгені құрады – 2019 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 4 есе аз. Олардың міндетті сақтандыру бойынша сыйлықақылардан үлесі бір жыл ішінде 2,3%-дан небәрі 0,5%-ға дейін қысқарды.

Төлемдер көлемі, керісінше, бір жылда 2 еседен астамға, 347 млн теңгеге дейін ұлғайды, ал олардың міндетті сақтандыру секторындағы үлесі 0,7% - дан 1,6% - ға дейін өсті.

Қазіргі жағдайда туристік фирмалардың басшылары айтарлықтай қиындықтарға тап болды. Қазір олар үшін ең аз шығынға ұшырап, нарықта қалу үшін қолдан келгеннің бәрін жасау маңызды.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2020 жылғы болжамы бойынша, отандық туристік сектор коронавирус пандемиясына байланысты шамамен 150-240 млрд теңге жоғалтуы мүмкін.

2020 жылдың наурыз айының соңында ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес:

– туризм, қоғамдық тамақтану және қонақ үй қызметтері саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар 2020 жылға мүлік салығын төлеуден босатылды;

– шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілері үшін оларға тиесілі жылжымайтын мүлік объектілері бойынша жалдау төлемдерін есептеу 2020 жылғы 20 наурыздан бастап (3 айға) тоқтатылды;

– 2020 жылдың 1 сәуірі мен 1 қазаны аралығында бизнестің ең көп зардап шеккен түрлері (қоғамдық тамақтандыру, көлік, кеңес беру қызметтері, қонақ үй бизнесі және туризм) еңбекақы төлеу қорына салық төлеуден босатылған [4].

Заңнамалық деңгейде саланы қолдаудың қосымша шаралары пысықталуда:

– туристік нысандарды салу, қайта құру және жабдықтау кезінде инвестициялар сомасының 10% - на дейін өтеу және преференциялар беру;

- әрбір шетелдік турист үшін туроператорлардың шығындарын субсидиялау;
- кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу және күтіп-ұстау жөніндегі шығындарының 25%-ын өтеу;
- туристік санаттағы көлік құралдарын сатып алу бойынша туроператорлар мен турагенттіктердің шығындарының 25%-ын өтеу;
- әуе компанияларына ішкі авиамаршруттар бойынша балалар үшін тасымалдау ақысының 100% өтеу.

Ішкі және сыртқы туризмді дамыту мақсатында «Kids go free» жүйесі қарастырылған, оның шеңберінде Қазақстан бойынша 14 жасқа дейінгі екі бала тегін саяхаттайтын болады.

Қазіргі дағдарыстың барлық жағымсыз салдарларымен келесі маңызды сәтті атап өткен жөн: қазіргі туризм индустриясы үлкен өзгерістер қарсаңында тұр. Қалыптасқан жағдай ол өзгерістердің пайда болуын жеделдетті. Виртуалды және *кеңейтілген* шындықты енгізу трендтері өзекті бола бастады.

Карантин кезінде мұражайлар, галереялар, опера және балет театрлары, Еуропаның көптеген қалаларының гидтері Instagram немесе YouTube-ге онлайн-экскурсияларды белсенді жүргізе бастады. Бүкіл әлемдегі адамдар үйден шықпай-ақ Лувр және т.б. залдар арқылы виртуалды саяхатқа баруға мүмкіндік алды, әлемнің көрікті жерлерінен интерактивті бейнені 360° режимінде көруге болады. Сондай-ақ, Париж, Барселона, Лондон және т.б. елдерде виртуалды экскурсияларға қатысу мүмкіндігі болды. Астана Опера және басқа да әлемдік театрлар көрнекті қойылымдардың онлайн трансляциясын жүргізді.

Осылайша, ішкі туризмнің халықаралық туризмнен өсуі мен басым болуы, виртуалды туризмнің одан әрі дамуы, виртуалды және кеңейтілген шындық технологияларын белсенді енгізу күтілуде деп болжауға болады.

Дағдарыстың барлық жағымсыз салдарларымен қатар жақсы жаңалықтары да жетерліктей. EU Reporter мәліметтері бойынша, Қазақстан Саяхат және туризм жөніндегі Дүниежүзілік кеңестің Safe Travels жаһандық бастамасына қосылды.

Бұл саяхатшылардың сенімін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін алғашқы жоба. Ол туристік секторды жандандыруға бағытталған және саяхатшыларға денсаулық сақтау және гигиена саласындағы стандартталған жаһандық хаттамалардың әлемнің қай елдерінде қабылданғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген саяхатшылар үшін пандемия кезіндегі бірыңғай стандартталған қауіпсіздік протоколы қазір қажет. Туризм саласын толық қалпына келтіру көп уақытты алады. Safe Travels маркасын енгізу жергілікті көрікті жерлерге танылуға және сенімді болуға мүмкіндік береді.

Lonely Planet порталы 2021 жылы елдерге барудың ең жақсы тізімін жариялады. Қазақстан жергілікті тұрғындардың қонақжайлылығы мен экономикалық даму деңгейінің арқасында туристік тізімге енді. Бұндай көрсеткіштер әлемдік туризмдегі дағдарыс кезінде аса қуантарлық жайт.

Талдауды қорытындылай келе, туризм индустриясы мен онымен байланысты салалар өте үлкен шығындарға ұшырады деп қорытынды жасауға болады. Оларға дағдарыстан шығу өте қиынға соғатыны бәріне мәлім, бірақ туризм саласын құтқару және дамыту бойынша шаралар қабылданып, іске асырылуда деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <https://wttc.org/en-gb/Research/Economic-Impact>
2. Дүниежүзілік туристік ұйымның ресми сайты сайты [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <https://www.unwto.org/global-and-regional-tourism-performance>
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <https://stat.gov.kz/>
4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <https://primeminister.kz/ru/decisions>